

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға медициналық көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 6 наурыздағы N 1/150 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 наурызда N 972 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 26 мамырдағы N 2/400 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 26.05.2014 N 2/400 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2001 жылғы 15 қаңтардағы № 41 «Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға медициналық жәрдем көрсетуді одан әрі жақсарту туралы» бұйрығына және V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 74 «Алматы қаласының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешімін орындау үшін Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сонымен қатар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларды стоматологиялық емдеу мен тіс протездерін салу Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасына 2013 жылы жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен қамтамасыз етілсін.

2. Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сонымен қатар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға стоматологиялық емдеу мен тіс протездерін салу қызметтерін көрсетуді;

2) аталған топтағы тұлғаларға көрсетілетін стоматологиялық емдеу мен тіс протездерін салу көлемінің орындалуы мен сапасын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы әкімдігінің «Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен

мүгедектеріне, сонымен қатар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысушыларына теңестірілген тұлғаларға медициналық көмек көрсетудің кейбір мәселері туралы» 2012 жылғы 2 ақпандағы № 1/94 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 922 болып тіркелген, 2012 жылғы 15 наурызда «Вечерний Алматы» газетінде және 2012 жылғы 13 наурызда «Алматы ақшамы» газетінде жарияланған) қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары С . Сей д у м а н о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі *А.Есімов*

Енгізуші:

А л м а т ы қ а л а с ы Д е н с а у л ы қ
с а қ т а у б а с қ а р м а с ы н ы ң
міндетін атқарушы Ж. Қасымжанова

Келісілді:

А л м а т ы қ а л а с ы
әкімінің орынбасары С. Сейдуманов
А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м і
а п п а р а т ы з а ң б ө л і м і н і ң
меңгерушісі А. Қасимова